

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызынын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдыrsa" тақырыбында кенестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жүү кезінде көмектесуге	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау

басқалар)	дұрыс қолдануға үйрету. (еңбек дағдылары)	орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сұрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). (еңбек дағдылары)	үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жүү) арнайы жұмыс алжапқыштарын киүге, жүүға және кептіруге қажетті барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. (еңбек дағдылары)	жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сұртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. (еңбек дағдылары)	ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындауды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Зейінділік пен байқампаздық".	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау.	"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы

	<p>Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дene қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмeden шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дene қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Айна".</p> <p>Балаға қарама-қарсы тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Суреттерге қарау. Мақсат-міндеттер. "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады:</p> <p>жаңа жылдық сыйлықтар, ойыншықтар, шырша. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған.</p> <p>Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.</p> <p>(танымдық дағдылар)</p> <p>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Тиін".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p>бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.</p> <p>Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі.</p> <p>Кімді көрсетсе, сол жауап береді.</p> <p>Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.</p> <p>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	--	--	---

				Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстапан қолдарды алда ұстай; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, онға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстай; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де,</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>

	<p>Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық толы шенберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қарайды. Достарыммен шенберге, Тұрғанымды қалайды (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір- біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе</p>	<p>Дене шынықтыру "Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тіzenі биікке көтере отырып жүргүре үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан</p>	<p>Музыка "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілеттін жетілдіру; әндегі ырғакты сезіне білу қабілеттін дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қыста дөңнен сырғанаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тіzenі биікке көтере отырып жүру іскерліктерін</p>	<p>Қазақ тілі «Қыс бізben қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі Мақсат-міндеттер. Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оку, сөздерді анықтап айтуды үйрету; жақсы көңіл қүйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды,</p>

	жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.	бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.		жетілдіру.	сәйкесінше, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қыскы табиғатқа туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сөйлесуді есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркем сөзге құштарлығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың				

	бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киуін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Аяғайна қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сүмен жуын.</p> <p>Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай.</p> <p>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ынғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру ,</p>	<p>Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.</p> <p>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, тұн ұзақ, соған назар аудару.</p> <p>Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.</p> <p>Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.</p> <p>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көнілін аударту. Кішкентай</p> <p>ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары</p>	<p>Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргұл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.</p> <p>Бақылау: қар жағалай,</p> <p>Биік-биік қарағай.</p> <p>Оқтай тұзу бойлары,</p> <p>Шымыр өскен баладай.</p> <p>Бақылау.</p> <p>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сүлүлүғына аудару</p>	<p>Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды.</p> <p>Қорғамасаң, болмайды,</p> <p>Кіп-кішкентай торғайлар,</p> <p>Бақшамызды қорғайды.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Қалқып тұрып аспанда,</p> <p>Үн шығарып сан қилы,</p>

	<p>ал аязды құндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ая қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.</p> <p>Еңбек:</p>	<p>Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды құшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек: ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.</p> <p>Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен</p>	<p>бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ақырындалап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар түсіретінін түсіндіру.</p> <p>Еңбек: ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.</p> <p>Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен</p>	<p>(жапырақ жок). Ағаштың сыртқы түрлерін ажыраты білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпарғұл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатының түсіндіру. Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру)</p> <p>Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру)</p> <p>Дыбыс белгісіне көніл бөлу (шанада</p>	<p>Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)</p> <p>Бақылау: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажыраты білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; төрғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргендеге немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.</p> <p>Тәжірибе. Қардың қасиеттері.</p> <p>1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.</p> <p>2. Қарға су құйсан, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.</p> <p>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.</p>	<p>істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.</p>	<p>Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету.</p> <p>Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.</p>	<p>отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).</p> <p>Олардың эстетикалық танымын байыту.</p> <p>Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.</p>	<p>отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).</p> <p>Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.</p> <p>Еңбек: ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелуе.</p> <p>Өз бетімен ойындар: алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.</p>	<p>ажырату қыынға соғады. Құстарға қыста азық табу қыын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру)</p> <p>Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>Еңбек: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу.</p> <p>Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз енбегіне қанағаттана білу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын</p>
--	--	--	--	--	---	--

					есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сұлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адаптация, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында дәнсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қолғап". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қолғап" ертеғісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертеғіні әңгімелуе барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қардан мұнараларды салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен тұстастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету;</p> <p>Саясақ жаттығу. "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті</p>	<p>Мұсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дene құрылымы жөнінде білімді жетілдіру;</p> <p>Саясақ жаттығу. "Қарды қолмен жинайық". Карды қолмен жинайық (алақандарды өзінен</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Құыршақ Дананы серуенге шығару" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер. Балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету.</p> <p>Драматизация. "Қызыл телпек" ертеғі желісін маскамен сахналай. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруда жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі</p>

	<p>қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп оқу; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқияттыңдауға үйрету.</p> <p>"Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлықта ала білуге тәрбиелеу. Барысы: ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар</p>	<p>салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, ой өрісін дамыту.</p> <p>Драматизация.</p> <p>Мақсат-міндеттер: "Айна" ертегі желісін алжапқыш театрын қолдану арқылы сахналау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Төбешіктен сырғанайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды, текшелерді бірінің</p>	<p>ары қаратып, ашып-жабу), Алақанда қысайық (екі алақанды айқастыра қосып, бір-бірін құшақтап, қысу; орындарын алмастыру), Қысып-қысып</p> <p>(алақандарды жеке жұдырықтарға қайта-қайта қысып, ашу), Дөңгелектеп, қолдану арқылы айналдыру)</p> <p>Тұзу жолмен айдайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу).</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Вариативті компонент/Әлеумет</p> <p>"Аурухана" ойыны.</p>	<p>қазақ тілі)</p> <p>"Қыста не болады?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту.</p> <p>Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мен басы деп тануға үйрету.</p> <p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Қыс әні".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту.</p> <p>музықадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>оыншықтарды мұқият қарап алады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог үй жануарларын бір төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнису, қазақ тілі)</p>	<p>үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшени және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен тәнистыру; дәрігер қызметінің адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту; дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету; ойын барысында шығармашылыққа баулу. "Аурухана" ойыны. "Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Педагог үлкен әдемі доппен балаларға қарама- қарсы тұрады. (қашықтығы 1, 5-2 м) Педагог "Бір!"</p>	
--	--	--	--	--

			<p>Лақтырамын. Екі! Лақтырамын. Үш! Лақтырамын. Кім жүйрік қағып алсын!"- деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадындар қайта жүгіріңдер" дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. (дене шынықтыру)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Шырша" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Шырша" (Әдібай</p>	<p>"Күміс қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли</p>	<p>"Қыс" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Қыс" (Ізтай</p>	<p>"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит</p>	<p>"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит</p>

	<p>Табылдиев) Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі.</p> <p>Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.</p> <p>Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Мәмбетов) Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны.</p> <p>Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Ерғалиев) Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Жайлар таралады, Жаңғыртады ауаны.</p> <p>Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе?</p> <p>Бауырсақ, балмұздак, Концертке ... молсың ба? Бізді алға барғызбақ, Сен жаңа жылсың ба? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Ерғалиев) жалғастыру. Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің.</p> <p>Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенекесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұсқі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нан – ардақты адаптас,</p> <p>Кәрі, жас одан аттамас.</p> <p>Ақ дастархан үстінде,</p> <p>Қол жумай оны ұстамас.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>"Жаңа жылдық костюмдер" жеке әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер).</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес.</p> <p>"Балаларға ойнауға көп мүмкіндік беріңіз".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.</p> <p>"Егер бала жиі ашууланса".</p>	<p>Кеңес.</p> <p>"Қыын бала қайдан шығады?".</p>

